**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 наурыздағы N 389 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 мамыр N 532. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.11. N 1180 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Білім" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 наурыздағы N 389 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 12, 128-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Білім" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

1) реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| "26. | Әлеуметтік әріптестік шеңберінде кәсіптік білім беру мәселелері жөнінде ұсынымдар әзірлеу | Ұсынымдар | "Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үш жақты комиссия (келісім бойынша)"; | 2002 жылғы мамыр | |

2) реттік нөмірі 47-жол алынып тасталсын;

3) "Орындалу мерзімі" деген бағандағы реттік нөмірі 51-жолда "2001 жылғы тамыз" деген сөздер "2002 жылғы желтоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК